



«С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы» КММ

КІТАПХАНАШЫ КЕЛБЕТІ



АЛҒЫ СӨЗ

Кітапхана- парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы. Заман ағымына қарай, білім талабына сай оқырмандардың сұранысында өзгеруде. Кітапханашы маманының басты құралы оның сөйлеу мәдениеті. Кітапханашы мамандығы адамнан сөйлей білуді, оқырманмен тілдесу мәдениетін талап етеді. Бұл түсінікті жәйт: жұмыс істей отырып, біз оқырмандарымызбен сөйлесеміз, хабаралысамыз. Оқырманның біліміне, жасына, мамандығына қарамастан, біздің сөйлесу жүйеміз оларға түсінікті болуы керек. Ұсынылған кеңестердің жас мамандарға пайдасы тиер деген ойдамыз.



КІТАПХАНАШЫ

Бір ғажап тыныштық
орнаған,
Бұл жерге жиылған бар
ғалам,
Киелі мекені кітаптың,
Ғасырды ғасырға жалғаған.
Жүрегі өлеңмен нұрланған,
Ізгілік ізінен үлгі алған,
Қазына иесі қарындас,
Өмірін кітапқа арнаған.
Нұр төгіп аялы көздері,
Ой салған зиялы сөздері,
Оқитын жан болса аяулы,
Кітап қой қыздардың өздері!

Айнымай атаның жолынан,
Ақ тілеу аңқылдап оңынан,
Аяндап барады арманға,
Кітабын тастамай қолынан!
Қазына қалың ну ормандай,
Әр сөзге даналық тұнғандай,
Сарғайған парағы жылдардың,
Сыбырлап сыр шертіп тұрғандай.
Өткеннің аманат сәлемі,
Өзгеше сәулелі әлемі,
Кітаппен дос болған қыздардың,
Бәрі де керемет әдемі!


Б.Әлімжанов

Оқырмандармен жұмыс жасау барысында кітапханашының беделі жоғары болуы өте маңызды



Кітапханашының басты мақсаты-білімді, ақпарат көздерін насихаттау, оқырмандардың кітап оқуына жетекшілік ету. Оқу мәдениетін қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке, олардың жан-жақты дамуына, еңбекті сүюіне ықпал ету. Осы жолда насихат шараларының барлық әдістерін қолданып кешенді шаралар ұйымдастыру.

- ❖ Оқырман кітапханашыны барлығын білетін, білімді, қайырымды, кез келген уақытта көмекке келетін маман ретінде қабылдайды.
- ❖ Осы түсініктен ауытқыған жағдайда «кітапханашы – оқырман» арасындағы қарым-қатынас қайшылыққа ұшырап, оқырман кітапханашыға сыни көзқараспен қарай бастайды.



❖ **Тәжірибелі тәлімгер-мамандар** қазіргі уақытта кітапханашылар мәдениеті, көп оқыған, жайдары, ой өрісі кең, сыпайы, өз ісіне жауапты, оқырманға құрметпен қарайтын, психологиядан, педагогикадан хабары бар, кәсіби біліктілігі жоғары адам болуы керектігін айтады.

❖ **Кітапхана-мәдениеттің жоғары деңгейі**, білім мен ғылымның сарқылмас қайнар көзі ретінде онда жұмыс істеген адамнан, яғни кітапханашыдан еріксіз жоғары мәдениетті, **этикетті талап етеді.**




❖ **Әдебиетші, журналист мамандықтары сияқты кітапханашы мамандығы да сөйлеу мәдениетін, сөз өнерін меңгеруді қажет етеді. Жоғары кәсіби деңгейде белгілі бір кітапты насихаттау, болмаса, өзінің көзқарасын білдіріп, адамдармен қарым-қатынасқа түсу үшін білім ғана жеткіліксіз, кітапханашыға сөйлеу мәдениетінің негізі аса қажет.**



❖ «Сөйлеу мәдениеті» ұғымына

адамның сезімі мен жүрегіне қозғау салып, оларды белгілі бір мақсатқа жұмылдыра білу өнерін жатқызуға болады. Дұрыс сөйлей білу-өмірдегі жетістіктердің бастауы, кәсіптік деңгейдің жоғарылығын көрсетеді. Сөйлеу мәдениетін меңгерген адам өзінің ойын дұрыс жеткізе алады, тыңдаушының ойын басқа арнаға бұрып әкететіндей артық сөз айтпайды. Өз уақытында және орнымен айтылған сөз қандай жағдайлардан да жол тауып кетуге көмектесетіні сөзсіз.



The background features a light green top section with white butterfly silhouettes. Below this is a yellow rectangular area containing the text. The bottom portion of the image shows a blurred view of a library bookshelf with various colored books.

❖ **Сөйлесу арқылы** кітапханашы мен оқырманның арасында қажетті қарым-қатынас орнап, кітапханашы оқырманмен қызмет көрсетуді жақсартуға болатын ақпарат алады: ақпарат беруде, оны іздестіруде, кітапхана қабырғасында өзін қалай ұстау қажеттігі және қарым-қатынас нәтижесінде екуінің істері бір мақсатқа тоғысады. Сөйлеу әдісін дұрыс меңгерген кітапханашы сөзі анық, тыныс алуы қалыпты, тыңдаушылармен дұрыс қарым-қатынас орната алады.



□ Кітапханашының сөйлеу мәдениетіне

қойылатын талап, ол сөйлеп тұрған тілінің (орысша, қазақша) сөйлеу қалпына сәйкес келіп, грамматикалық жағы дұрыс, мүмкіншілікке қарай қысқа, нақты, әрі дауыс мәнері анық болып, кез-келген аудиторияда естілуі қажет.

- Кітапхана жұмысында кітапханашы өзінің сөйлейтін сөзін берілген уақыт шеңберіне сыйғызып, сөзін қысқа да түсінікті етіп жеткізу қажет. Бір сөзді бірнеше рет қайталамау керек. Кітапханашының дауыс ырғағы, сөйлеу мәдениеті кәсіби шеберліктің маңызды сипаттамасы болып табылады.

- ❖ **Кітапханашының аудитория алдында сөйлегенде қатты, ашық дауысты игеруімен қатар, көпшілікті өзіне баурап алатын дұрыс дауыс мәнері болуыда керек.**
- ❖ **Дауыс мәнері - кітапханашының сөйлеу мәдениетінің негізгі қасиеті.**



❖ **Жақсы сөзді дайындау өз алдына, оның мазмұнын тыңдаушылардың жаны мен жүрегіне дұрыс жеткізе білу басқа шаруа. Осының барлығына дұрыс жолға қойылған сөйлеу мәнері арқылы қол жеткізуге болады.**



Сөз-кітапханашының көпшіліктің алдына сөйлеуінің көрініс: ол әртүрлі өндірістік жиналыстарда, оқырмандармен жеке және көпшілік жұмыстар өткізген кездерде сөйлейді. Сөйлеу барысында, кітапханашы оқырман көңіліне сенім ұялату арқылы өз мүддесіне жетуі керек.



Сендіру тілі-мұндай тіл үш мақсатты алға қояды: тыңдаушыларды белгілі мақсатқа жігрелендіреді.,өзініңайтыа тұрған ұсынысының маңыздылығына көзін жеткізеді, тыңдаушылардың сезіміне түрткі болып, оларды белгілі бір мақсатқа қарай итермелейді. Сендіру тілі арқылы кітапханашы кітапхана жұмысының ерекшеліктеріне тоқталады, оның қазіргі мүмкіншіліктері жайлы хабар береді.






Интернет қызметі, анықтамалық-библиографиялық қызмет т.б. жайлы мәлімдейді. Осындай әңгімелерден кейін оқырмандар кітапханаға жоғарыда айтқан қызмет түрлерін пайдалану үшін үнемі кітапханаға келіп тұратын болады.

Сырт бейне. Оқырманға кітапханашының сырт бейнесі үлкен әсер етеді.

Оның киімі, шаш үлгісі барлығы кітапханашыға тән болуы керек. Үлкен мәдени шаралар өткізген кезде мейрамға сәйкес киініп, көңіл-күйді жоғары ұстаса өткізілетін шараның маңыздылығы арта түседі.



Этика: Кітапханашының этиканы сақтай отырып әр ортада өзін-өзі ұстай білуі де үлкен өнер, мәдениет. Этикет-адамдармен қарым-қатынас жасаудың белгілі бір ережесі. Этиканы білу кәсіби дәрежеде өсуге, ұжымда өзі туралы жақсы пікір туғызуға, оқырмандармен жақсы қарым- қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Ұжым мүшелерінің жеке этикалық қасиеттерінің жиынтығынан корпоративті этика қалыптасады.



Назарларыңызға рахмет!

Мекен - жайымыз: Ақтөбе қаласы,
индекс 030007,
М.С.Прохоров көшесі, 11- үй.
Тел./ факс 7(7132) 50-44-48, 53-01-10,
эл. почта: labrari@mail.ru.
Сайт: www.aktobeoub.kz
Инстаграмм: [biblioteka_zhienbaeva](https://www.instagram.com/biblioteka_zhienbaeva)
www.facebook.com/bibliotekazhienbaeva